




2
ТҮРКІСТАН - ТҮРКІ
ӘЛЕМІНІҢ
АСТАНАСЫ



8
ҒАШЫҚ БОЛУ
ДА БІР БАҚЫТ



ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ - ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

Ясауи

УНИВЕРСИТЕТ
СТУДЕНТТЕРІНІҢ
ҮНІ

e-mail: a.yassui@mail.ru

университеті

№6 (433) 31 НАУРЫЗ 2017 ЖЫЛ

ТҮРКІТАНУШЫЛАР

ТҮРКІСТАНДА БАС ҚОСТЫ

Ахмет Ясауи университетінде «Түркістан – Түркі әлемінің мәдени астанасы» жылының салтанатты ашылуына орай «Түркістан және Түркология» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.

Биыл Түркістанда «Наурыз» мерекесі ерекше аталып өтті. Түркі әлемінің алтын бесігі атанған Түркістан дүниенің төрт бұрышынан келген түркі жұрағатын бауырына басты. Дүбірлі тойға әлемнің түкпір-түкпірінен 1000-ға жуық қонақтар, ғалымдар қатысты. Қаламыздың Есімхан алаңынан бастау алған мәдени шара Ахмет Ясауи университетіндегі Халықаралық конференциямен жалғасын тапты. Ұлыстың ұлы күні түркітану тынысы, өзекті мәселелері ғылыми талқыға түскен бұл шара тарих тұғырында таңбаланып қалары анық.

ТҮРКСОИ және Ахмет Ясауи университеті ұйымдастырған алқалы жиынға Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев модераторлық өтті.

Конференцияның ашылу салтанатында ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы құттықтау сөзін айтып, ТҮРКСОИ басшысы Дүйсен Құрабайұлына ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлының Алғыс хатын табыстады. Сондай-ақ, Түркия мемлекетінің Мәдениет және туризм министрінің орынбасары Мұстафа Рухи Өзбилгич, мемлекет және қоғам қайраткері, профессор Мырзатай Жолдасбеков, ҚР халық жазушысы, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов конференция тақырыбы төңірегінде ой қозғады. Ахмет Ясауи университеті Өкілетті Кеңес төрағасы,



профессор Мұса Йылдыз, «Орду» университетінің ректоры (Түркия), профессор Ярылғач Тарық, Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі, Түркияның Мармара университетінің профессоры То-мар Женгиз, Ресей федерациясының (Уфа) профессоры Фирдаус Хисамитдинова және дінтанушы қазақ ғалымы Әбсаттар Дербісәлі өз құттықтауларын жеткізді. Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев өз сөзінде Түркі әлемінің бірлігі мен бауырмалдығы турасында терең мазмұнды ой қозғады. Түркістан төрінде өтіп жатқан бұл конференцияның маңыздылығын, ғылыми шараның Түркі әлеміне қосар үлесінің зор екендігін айтып, барлық ғалымдарға алғысын білдірді.

Жансейіт Қансейітұлы Түркі мәдениетін және өнерін дамыту Халықаралық ұйымының (ТҮРКСОИ) Бас хатшысы Дүйсен Құрабайұлына Түркі дүниесінің ықпалдастығын мығым етер істердің бастамашы болған әрбірісіне сәттілік тілеп, қазақы дәстүрмен шапан жауып, кәде сый табыстады. Осы ретте ТҮРКСОИ Бас хатшысына Халықаралық Түркі академиясы атынан Дархан Қыдырәлінің таққан алтын медалін де атап өткіміз келеді.

Халықаралық жиынның қадірлі қонақтары академик Мырзатай Жолдасбеков, Ресей Федерациясының (Уфа) ғалымы Фирдаус Хисамитдинова Өкілетті Кеңес төрағасы Мұса Йылдызға оқу орнының білімгерлері

үшін құнды кітаптарынан тарту етті. Конференцияда тарих, археология, этнография бағыты бойынша «Түркістанның түркі тарихы мен мәдениетінен алатын орны», Дінтану, философия, мәдениеттану бағыты бойынша «Қожа Ахмет Ясауидің түркілік ислам идеологиясын қалыптастырудағы рөлі», Тіл білімі және деректану бағыты бойынша «Тарихи жазба деректер мен көне жәдігерлерді зерттеудің маңыздылығы», Әдебиет және фольклор бағыты бойынша «Б.Кенжебайұлы және түркітанудың өзекті мәселелері» секциялары жұмыс жасады.

Түркіәлемінің тұтастығын нығайтуға бағытталған ғылыми жиында тамыры терең Түркология ғылымының соңғы жаңалықтары мен тың ізденістері айтылды. Әлемдік түрколог ғалымдар өзекті тақырыптарды қозғап, тереңнен зерделеп, түркі әлемінің ықпалдастығын, түркілер руханиятын өлемге танытуға жол салды. Бұл жиын - мәдени ықпалдастық, өркениеттер бірлігінің айқын көрінісін танытты. Түркі дүниесін біріктіретін рухани құндылықтарымыз – біздің басты байлығымыз екені паш етілді. Түркі халықтары тарихын «интеграциялау» мәселесінің көкейтестілігі сөз болды. Осы орайда, Түркі халықтарының достығы мен бауырластық байланыстарын нығайтып, түркі мәдениетін өлемге танытатын бұл Халықаралық деңгейдегі конференцияның маңызы орасан зор.

Ақпарат орталығы
Фото: Н.Искаков, Н.Шынтеміров

РЕКТОРДЫҢ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Өз-Наурызды шығыс халықтары - бірліктің, татулықтың, ізгіліктің мерекесі деп түсінеді. Демек адамдар арасындағы ынтымақ пен бірліктің шамын жағар бұл мереке әрине ұлық!

2016 жыл Еліміз үшін де, оқу орнымыз, қаламыз үшін де өте берекелі жыл болды деп айта аламыз. Ел Тәуелсіздігінің және университетіміздің 25 жылдық мерекелері мерейімізді асырды. Түркістан қаласы – Түркі әлемінің 2017 жылғы мәдени астанасы мәртебесіне ие болды. «Түркістан және Түркология» конференциясы өтті. Университетіміз де үлкен жетістіктерге қол жеткізді. 2017 жыл біздің университетіміз үшін үлкен жетістіктерге толы болады деп сенемін.

Біз алдымызға үлкен жоспарлар межелеген ұжымбыз. Осы жолда бірге қызмет етіп, алға қойған мақсаттарды нәтижелі аяқтауда бірлігіміз мығым болғай!

Қымбатты университет ұжымы және шәкірттер! Сіздерді көктемнің жарқын мерекесі Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Жақсылық пен жылулықтың, ізгілік пен мейірімділіктің бастау алар шағында көңілдеріңіз көтеріңкі, жүздеріңіз жарқын болсын!

Жаңа жыл сіздердің барлық істеріңіз бен жаңаша бастамаларыңызға ақ жол ашып, мол табыстар ала келсін! Сіздерге жетістіктер мен кәсіби табыстар тілеймін. Білім мен ғылымның шыңын бағындыра беріңіздер!

Құрметпен,
У. ӘБДІБЕКОВ университет президенті

ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫ МҰХТАР ШАХАНОВ ПЕН КЕЗДЕСТІ

Жуырда Мәдениет орталығының үлкен залында Түркі әлемінің заңғар ақыны, тіл жанашыры, «Мемлекеттік тіл» қоғамдық қозғалысының төрағасы, «Жалын» журналының Бас редакторы Мұхтар Шахановпен кездесу өтті.



«Түркі тілдес халық арасындағы ең үздік әлем ақыны» сыйлығының иегері, қоғам қайраткері М.Шахановтың 75 жылдық мерей тойы қарсаңында жылы, шырайлы әдеби кеш өтті.

Шындықтың шырағданы атанған М.Шаханов Түркістан қаласына «Түркістан – Түркі әлемінің мәдени астанасы» жылының салтанатты ашылуына Түркі әлемі зиялылар одағының төрағасы ретінде қадірлі қонақ болып арнайы шақырылған болатын.

Кешті ерекше сөз саптаумен жүргізген, әдебиет

сыншысы, профессор Құлбек Ергөбек руханият сардары М.Шахановтың әдебиеттегі үздік туындылары мен қоғамдағы рухани өрліктерінен баяндап отырды.

Ақиық ақын М.Шаханов рухани құндылықтар, ата дәстүр, ұлттық мүдде, тіл жайлы тебірене сөйледі. Жастар ақынның жалынды сөздерін көкейлеріне тоқып, отансүйіштік қасиеттерін отты сөздерге жаны түсті. Қоғамдағы әділетсіздіктер, Желтоқсан оқиғасы туралы тарих қойнауынан сыр шертіп, қазақ тілі үшін күрескен әсерлі естеліктерімен бөлісті. Шындық үшін күрес жолындағы өзінің жариялаған ұстанымын баян етті.

Қырғыз елінің халық жазушысы Ш.Айтматов, ақын М.Шахановқа: «Ол – жаңаша ойлау дүниесінің өрені...»,- деп баға берген болатын. Ұлттық мүдде үшін күресуден таймайтын М.Шаханов шынында өзгеше мән-мазмұнға ие идеяларын, патриоттық, ұлттық рух туралы көзқарасын, ұрандата жеткізді. «Ана тіліне қарсы шыққандардың тағдыры трагедиямен бітеді»,- деп толғанған ақын кешке жиналған қауымға шындық биігінен көрінулерін тіледі.

«Шәкіртсіз ұстаз - тұл» дегендей, ақынның өлеңдерін, поэмаларын шабытпен, мәнерлеп оқыған жастарда шек болмады. Жыр сүйер жас қауым арасында университет студенттері, мектеп оқушылары да бар.

Жиын соңында университеттің Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президенті, профессор М.Эрен және осы кештің өтуіне ұйытқы болған вице-президент, профессор Т.Раимбердиев көрнекті ақын М.Шахановқа сый-құрметпен шапан жауып, естелік сыйлықтар табыстады.

Жастар заңғар ақынмен кездесуден үлкен әсер алды. Отансүйіштік рухқа бөленген жастар сүйікті ақындарына деген ыстық ықыласын білдіріп, сұрақтарын да жаудырды. Қаламгер шығармашылығына қызығушылығы жоғары жастар ақын кітаптарына қолтаңба қойдырып, естелікке суретке түсті.

Д. МЫҢБАЕВА

ТҮРКІ ЖҰРТЫНДА

ТҮРКІ ЖАУҒАРЛАРЫ «ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» МУЗЕЙІНДЕ

«ТҮРКСОЙ» Халықаралық ұйымы, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі және Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі бірлесіп бекіткен іс-шаралар жоспарына сәйкес 21 наурыз күні «Түркістан – Түркі әлемінің мәдени астанасы» атты салтанатты шарасы бастау алды.

Іс-шараның ашылуында сөз бастаған Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев барша жұртшылықты «Түркістан - Түркі әлемінің мәдени астанасы» атанған жылдың басталуымен құттықтап, осы абыройлы міндетті бірлесіп өткізуге шақырды. Келесі сөз кезегін алған «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының директоры Жандос Әубәкір келген қонақтарға Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген хан-сұлтандар, батырлар мен билер, игі жақсылар мен тарихи тұлғалар жайлы мәлімет беріп Қазақстан тарихында сәулеттің көрнекті ескерткіші, Түркістанның негізгі мәдени орындарының бірі саналатынын атап өтті.

Рухани астанаға келген меймандар ең алдымен Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне зиярат етіп, сонымен қатар, Орта ғасырлық көше бойында орналасқан этнографиялық жәдігерлер мен қолөнер шеберлерінің туындыларын тамашалай келе жаңартылған «Түркістан тарихы» музейі экспозициясымен танысты. Музей экспозициясының басты бағыттары (концепциясы) ретінде Түркістан өлкесін алғашқы адамдардың

қоныстануынан бастап қола, ерте темір дәуірлері тұсындағы ескерткіштер, алғашқы тұрақтар мен отырықшылық қоныстары және ежелгі дәуір қалалары, ерте орта ғасырдағы қалақұрылымы ескерткіштері мен Түркі мәдениеті, өлкенің саяси, экономикалық және рухани орталықтарының даму тарихы, Түркістанның Қазақ хандығы тұсындағы дамуы мен астанаға, кесененің ұлттық пантеонға айналуы және Тәуелсіздік тұсындағы Түркістан мен өлкеден шыққан тарихи тұлғалар жайлы кең көлемдегі тарихи, археологиялық, этнографиялық, нумизматикалық түпнұсқа жәдігерлермен, мәтіндермен негізделген кешенді музейлік құрылымдар ұсынылды. Экспозиция 8 бөлімнен тұрады.

Әз-Наурыз мерекесіне арналған «Наурыз-нама» іс-шарасына және Қожа Ахмет Ясауи кесенесін тамашалауға 23 түркітілдес елден мыңға жуық қонақтар келді. Оның ішінде ТҮРКСОЙ Халықаралық ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов бастаған ресми делегация, түркітілдес және басқа да мемлекеттерден келген қонақтар. ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедұлы, ОҚО әкімі Жансейіт Түймебаев, сенат және мәжіліс депутаттары, қазақстандық зиялы қауым және өнер тұлғалары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, жоғары және орта арнаулы оқу орындарының басшылары мен оқушылары, студенттер, БАҚ өкілдері және музей қызметкерлері қатысты.

ТҮРКІСТАН - 2017 ЖЫЛҒЫ ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ МӘДЕНИ АСТАНАСЫ

«2017 жылғы Түркі әлемінің мәдени астанасының» ашылу рәсімі мен Наурыз мерекесі Түркістанда тойланды. Түркі елдерінің тағдырын тоғыстырған киелі Түркістан төріндегі дүбірлі мерекелік іс-шараларды 23 мемлекеттен келген 300-ге тарта шетелдік қонақ, халықаралық ұйым өкілдері, қазақстандық зиялы қауым және өнер тұлғалары, бұқаралық ақпарат құралдары мен оңтүстік қазақстандық тұрғындар, яғни, жалпы саны 10 мыңға жуық адам тойлады.

Келушілер думанды Наурыз той мерекесіне орай құрылған этно ауылды аралап, қол өнершілердің бұйымдарымен танысты. Жиналған түрлі этнос өкілдерімен бірге ән шырқап, би биледі.

Наурыз мерекесіне орай 1 тоннадан астам палау дайындалып, 1500 литрдей наурыз көже үлестірілді. Сондай-ақ, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңында этно ауыл құрылып, онда ұлттық нақыштағы әбзелдермен әрленген 12 қанатты 33 киіз үй тігілді.

Шара барысында, Наурызға қатысушы 22 мемлекеттің өкілдері елдерінің мемлекеттік туын алып өтті. Өнерпаздар театрланған сазды-хореографиялық «Наурыз керуені», «Күн мен түннің теңелуі мен табиғат ананың оянуы» секілді көріністерді қойды.

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің қонақжайлығымен өткен ашылу рәсіміне ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедұлы, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев және «ТҮРКСОЙ» Халықаралық ұйымының бас хатшысы профессор Дүйсен Қасейінов қатысты.

Әзірет Қожа Ахмет Ясауидің кесенесі төңірегінде жиналған қонақ делегация мүшелері алдымен кесененің айналасындағы ескерткіштерді аралады. Артынан ту көтеру рәсімімен Түркістанның киелі астаналық мәртебесі тағы бір рет бекіді. Жүздеген жыл бұрынғы дәстүрін тағы бір рет қайталаған Түркітілдес халықтардың өкілдері 18-ғасырда жарыққа шыққан бір шығармада тұңғыш рет бейнеленген дәстүрді де іске асырып, кесененің ішіндегі тай қазанның айналасында бас қосты.

Іс-шаралар ашылу рәсімінің алғашқы сөзін айтқан ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедұлы Наурыздың молшылық және береке өкелуін тілеп, іс-шараларға еңбегі сіңген баршаға алғысын білдірді.

Артынан сахнаға шыққан ОҚО әкімі Жансейіт Түймебаев болса Түркістанның Түркі әлемі Мәдениет астанасы сайлануына қатты қуанғандарын атап, «Түркі әлемінің бүгінгі замандағы кемеңгер көшбасшысы атанған Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «ТҮРКСОЙ» түркі әлемінің ЮНЕСКО-сына айналуы тиіс» деген болатын. Осы ТҮРКСОЙ ұйымы түркі әлемінің мәдени астаналарын таңдау жобасын 2012 жылдан бері жүзеге асырып келеді. ТҮРКСОЙ ұйымы шынында да түркі дүниесінің ЮНЕСКО-сына айналды» деді.

ТҮРКСОЙ Бас хатшысы Дүйсен Қасейінов болса мәдениет астанасы шаралары арқасында Түркі әлемі қалаларының мәдени және әлеуметтік тұрғыдан жетілгеніне назар аударып, ТҮРКСОЙ-ға берген қолдау үшін мүше мемлекеттердің басшыларына алғысын білдірді. Қасейінов «2012 жылы елордамызда басталған Мәдениет астанасы іс-шаралары 2013 жылы Түркияның замандас қаласы Эскишехир, 2014 жылы Татарстанның Қазан, 2015 жылы Түрікменстанның ежелгі қаласы Мары, 2016 жылы Әзірбайжанның табиғаты керемет қаласы Шекимен жалғасты. Ақыры Түркі әлемінің Мәдениет астанасы мәртебесінің биыл түркі әлемінің киелі орны Түркістанға берілгеніне қуаныштымыз. Атқарылатын іс-шаралармен Түркістанды бүкіл әлемге танытатынымызға кәміл сенемін» деді.

ТҮРКСОЙ-дың 2010 жылынан бастап бүгінгі таңға дейін берілетін «ТҮРКСОЙ Баспасөз Марапаттары», биыл 7 мемлекеттен 14 тұлға мен мекемеге табысталды.

ЧАНАККАЛЕ ЖЕҢІСІНЕ - 102 ЖЫЛ

Университетімізде Түркия мемлекеті тарихында алтын әріппен жазылған «Чанаккале Ұлы жеңісінің 102 жылдығына» орай еске алу кеші өтті.



18-наурыз - бауырлас түрік халықтарының қасиетті де қастерлі күні. 1915 жылы ағылшындар бастаған Одақтас елдер Чанаккале (Дарданель) бұғазына кіру үшін шабуыл жасаған болатын. Жаулардың мақсаты Ыстамбұлды басып алу. Түркия тарихында ең қан төгісті, ең қайғылы және түрік халқының қаһармандық аңызына айналған бұл соғыс жеңіспен аяқталды. Биыл ұлы Жеңіске 102 жыл толды. Бұл соғыс түріктердің батырлығы мен ерлігін әлемге паш етті.

Кешті Түркия Республикасының негізін қалаған

Ұлы көсем Мұстафа Кемал Ататүрік пен барлық шейіттердің құрметіне 1 минуттық үнсіздіктен кейін екі мемлекеттің әнұранымен басталды.

Іс-шарада университет ректоры, профессор У.Әбдібеков және I вице-президент, профессор М.Куталмыш жеңісті күнмен құттықтап, Отан үшін жан қиғандарды еске алып, рухтарына тағзым етіп, «тарихқа із қалдырған қантөгіс кезді, батырлар ерлігін бүгінгі ұрпаққа жеткізу біздің парызымыз. Арыстандай алысып шайқасқан бауырларымыздың жаны жәннатта болсын. Сұм соғыс еш жерде болмасын. Әлемде бейбітшілік орнасын», деп айта кетті.

Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президенті М.Эрен Чанаккале Ұлы жеңісінің 102 жылдығына орай баяндама жасады: «Түрік халқының тарихында Чанаккале ұмытылмайтын бір дастан. Бұл шайқаста жан аямас ерлік жасалып, ғажайып жеңіске қол жеткізілді. Сондықтан да еш уақытта мұндай қантөгіс соғыс қайталанбасын. Түрік халықтар бірлесіп достық, бірлік, татулық ішінде өмір сүрсін. Чанаккале жеңісі күні құтты болсын» деп сөзін аяқтады.

Кеш студенттер ұйымдастырған концерттік бағдарламамен жалғасты. Түрік халықтарының ерліктері туралы түсірілген «Чанаккале бір дастан» атты қысқа деректі фильм және Чанаккале шайқасында есімдері аңызға айналған қаһарман шейттер туралы бейне ролик көрсетілді. Қара өлеңдер оқылып, патриоттық әндер шырқалды.

Ақпарат орталығы
Фото: Н.Искаков



СТУДЕНТТЕР СПАРТАКИАДАСЫ БАСТАЛДЫ

27 наурыз күні Ахмет Ясауи университетінде «Түркістан – Түркі әлемінің мәдени астанасы» жылына арналған студенттер арасында факультетаралық XXV спартакиадасының ашылу салтанаты өтті.



Спартакиада мақсаты — жастардың спортқа деген қызығушылығын арттырып денсаулығын нығайту, спорт түрлері бойынша университет құрама командасын жасақтау.

Спартакиаданың ашылу салтанатында Ұйымдастыру және тәрбие істер жөніндегі вице-президент Б.Мұхамеджанов, Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент М.Эрен қатысып, ойыншыларға сәттілік тіледі.

Оқу орнының спорт клубының ұйымдастыруымен өтетін шара 2 апта бойы жалғасады. Спартакиада арқан тарту, гир тасын көтеру, жүгіру, кросс, тоғызқұмалақ (қыздар, ерлер), дойбы, шахмат, жүзу (қыздар, ерлер), эстафеталық ойын, стол теннисі (қыздар, ерлер), баскетбол, кіші футбол (қыздар) спорт түрлері бойынша жеңімпаздарды сараптайтын болады.

Ақпарат орталығы.

МӘДЕНИ ЫНТАМАҚТАСТЫҚ КӨКЖИЕГІ

Павлодар қаласы Естай атындағы Мәдениет сарайы мен біздің университет арасында ынтымақтастық жөнінде меморандумға қол қойылды. Оқу ордамызға Мәдениет сарайы директорының орынбасары Замира Солтан ат басын тіреді.

Іс-сапармен жүрген Замира Солтан келесі келісім шартты Шымкент қаласының мәдениет басқармасымен жасамақ. 21-мамыр күні өтетін мәдениет сарайының 40 жылдығына арналған гала-концерт меморандумның тұсаукесері болмақ. Мерейтойға Оңтүстік Қазақстан облысының өнерпаздары қатысатын болады. Мұндағы мақсат Солтүстік пен Оңтүстік өңірлердің қарым-қатынасын нығайту. Өзара тәжірибе алмасу арқылы



екі жақтың ұжымға университет атынан арнайы алғыс хат табысталды.

ГАЗЕТТИҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

Yesevi

Üniversitesi

ГАЗЕТТИҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

Бетті жүргізуші журналист Ғалымжан Тәжібаев

Prof. Dr. Musa Yıldız Türk Dünyası Kültür Başkenti Etkinliklerine Katıldı



Baharın başlangıcı olan Nevruz bayramı, TÜRKSOY 2017 Türk Dünyası kültür başkenti etkinlikleriyle birlikte, 21 Mart Salı günü Türkistan şehrinin Esmihan Meydanında büyük ilgi ve coşkuyla gerçekleşti.

Yaklaşık iki saat süren programa Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Güney Kazakistan Eyalet Valisi Prof. Dr. Canseyit Tüymebaev'in davetlisi olarak katıldı. Programın açılış konuşmasını Prof. Dr. Canseyit Tüymebaev yaptı. Kazakistan Kültür ve Spor Bakanı Arıstanbek Muhameduli ve TÜRKSOY Genel Sekreteri Prof. Dr. Düsen Kaseinov da birer konuşma yaparak, günün anlam ve önemi hakkında duygu ve düşüncelerini ifade ettiler.

Bu yıl Türkistan şehrinin Türk Dünyası kültür başkenti seçilmesiyle birlikte daha kapsamlı

kutlanan Nevruz Bayramı çok renkli gösterilere sahne oldu. Türkiye, Azerbaycan, Kırgızistan, Türkmenistan, Özbekistan ile birlikte 22 Türk akraba topluluklarından oluşan halk oyunları ekiplerinin yer aldığı kutlamalar büyük bir ilgiyle izlendi. Türk birliğinin sağlanması ve Türk halklarının kaynaşması adına yapılan bu etkinlikler, bu kapsamda yapılan en başarılı faaliyet olarak tarih sahnesinde yer aldı.

Ergenekon'dan çıkışı simgeleyen ve yaklaşık 3000 yıllık tarihi olan Nevruz Bayramı ata topraklarda tarihi dokusu bozulmadan bugün hala yaşatılmaya devam etmektedir. Asırlar öncesindeki gibi çadırların kurulup kırmızların iletildiği, nevrüz köjelerin yenilip dileklerin tutulduğu, altı bakanda sallanıp muratların gerçekleştiği nevrüz, katılımcıların tarihin derinliklerine kadar götürdü.

Medeniyetlerin beşiği

Türkistan'da halk oyunları gösterilerinin ardından Nevruz bayramı ve Türk Dünyası kültür başkenti kutlamaları çeşitli panayırarla devam etti. Kutlamaların ardından program çerçevesinde, Ahmet Yesevi Üniversitesi ve Güney Kazakistan Eyaleti Valiliği işbirliğinde uluslararası "Türkistan ve Türkoloji" sempozyumu düzenlendi. Ahmet Yesevi Üniversitesinin Kültür Merkezinde gerçekleşen sempozyuma 20 ülkeden Türkoloji'ye gönül vermiş ünlü Türkologların yanı sıra, Türkiye'den ve Kazakistan'dan diplomatlar da katıldı. Programlar Türkistan Esmihan Meydanında düzenlenen gala konseriyle son buldu.

Muhtar Şahanov Ahmet Yesevi Üniversitesinde



Türkistan şehrinin 2017 yılı Türk Dünyası kültür başkenti etkinliklerine katılmak üzere Türkistan'a gelen ünlü yazar, şair Muhtar Şahanov Üniversitemizi ziyaret etti. Üniversitemizin Müzesini gezen Muhtar Şahanov Kültür Merkezi büyük salonda üniversite personeli, öğrenciler ve halkla buluştu.

Muhtar Şahanov konuşmasında, 16 Aralık 1986 tarihinde Almatı'da üniversiteli gençlerin başlatmış oldukları bağımsızlık hareketlerinden bahsetti. Milleti millet yapan unsurların başında dilin, kültürün ve medeniyetin geldiğini belirtti. Bağımsızlık ve milli varlığın devamı için bunların korunmasının elzem olduğunu vurguladı. Kendisinin Sovyetler Birliği zamanında dahi kazak dilini ve kültürünü gündeme getirdiğini beyan etti. Konuşması dinleyiciler tarafından büyük ilgi gören Muhtar Şahanov sık sık ayakta alkışlandı.

Muhtar Şahanov'un konuşmasının akabinde kürsüye davet edilen Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Yardımcısı Prof. Dr. Taljan Raimberdiev ve Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren birer konuşma yaparak, Muhtar Şahanov'a teşekkürlerini sundular ve hediye takdiminde bulundular.

Hazırlık Fakültesinde "Çanakkale Şehitleri" Anma Programı Düzenlendi

Ahmet Yesevi Üniversitesi Hazırlık Fakültesi öğrenci konseyi, Çanakkale Şehitlerine ithafen anma programı düzenledi.

18 Mart Cumartesi günü Kentav Enstitüsü hazırlık fakültesinin konferans salonunda gerçekleşen programa, Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış, Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren, Karabük Üniversitesi Rektör Yardımcısı Prof. Dr. Ali Güneş, Hazırlık Fakültesi Dekanı Dr. Ahmet Güngör, akademisyenler, öğrenciler, çok sayıda vatandaş katıldı.

Hazırlık Fakültesi Öğrenci Konseyi Başkanı Murat Demir koordinesinde düzenlenen programda, İlahiyat Bölüm Başkanı Prof. Dr. İdris Şengül günün anlam ve önemini belirten bir konuşma yaptı. Akabinde ilahiyat bölümü hocaları ve öğrencileri tarafından da Çanakkale Şehitlerin ruhuna Kuran okundu, dualar edildi.

Program, son olarak fakültenin önünde yapılan Orta Asya kültürünün leziz yemeklerinden Özbek pilavı ikram edilerek sonlandı.

Üniversitede "Çanakkale Zaferi" Anma Programı Düzenlendi



Ahmet Yesevi Üniversitesi Öğrenci Konseyi tarafından Çanakkale zaferinin 102'inci yıl dönümü münasebetiyle anma programı düzenlendi.

17 Mart Cuma günü Türkistan yerleşkesi Kültür Merkezinde gerçekleşen programa, Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Valihan Abdibekov, Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış, Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren ve Sosyal Bilimler Fakültesi Dekanı Prof. Dr. Mehmet Toplu'nun yanı sıra çok sayıda akademisyen ile öğrenciler katıldı.

Şehitler anısına saygı duruşu ve marşların okunmasıyla başlayan programda, açılış konuşmalarını yapmak üzere Rektör Prof. Dr. Valihan Abdibekov, Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış sahneye davet edildi.

Açılış konuşmasında ilk olarak söz alan Rektör Prof. Dr. Valihan Abdibekov, 1915-1916 yıllarında gerçekleşen Çanakkale savaşının yalnız Türkler için değil tüm insanlığa ibret bir hadise olduğunu ifade etti. Mustafa Kemal'in komutasında askerlerin eşi benzeri olmayan savunma mücadelesi dünya tarihi açısından ayrı bir yeri olduğunu söyledi.

Konuşmasının devamında o yıllarda tüm Türk dünyası Türkiye'ye maddi manevi büyük destek verdiğini ifade eden Abdibekov, savaş zamanında ünlü Kazak yazar Mağjan Jumabayev Türk Kardeşlerimize yazdığı "Uzaktan Kardeşime" şiiri bunun en güzel örneği olduğunu ifade ederek sözlerini tamamladı.

Akabinde açılış konuşması yapan Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış, Türk halklarının tarihten bugüne kadar gelmiş çok büyük destanları olduğuna değinerek 102 yıl önce ülkemizde kazanılan Çanakkale zaferi de en yakın tarihte gerçekleşmiş bir destan olduğunu ifade etti.

Prof. Dr. Mehmet Kutalmış konuşmasının devamında şunları kaydetti. "Osmanlı'nın son dönemlerinde gerçekleşen bu savaşta, düşmanın zamanın son teknoloji top ve tüfeklerine karşı, her türlü imkandan kısıtlı Türk ordusu görülmemiş bir savunmayla, sayıca ve donanıma açısından çok üstün olan Avrupalıları yenmeyi başardı. Çanakkale, aynı zamanda hüznü bir zafer olarak geçer. Bunun sebebi ise kahraman Türk askerinin bu zaferi kazanırken ne fedakârlıklar yaptığını ve ne zor şartlar altında çarpıştığınıdır. Bu zaferde Anadolu'nun her köşesinden Çanakkale cephesine katılan ve "Çanakkale Geçilmez" sözünü şanlı tarihimize altın harflerle yazan şehitlerimizi rahmetle minnetle anıyorum."

Son olarak bu zaferde Anadolu'nun her köşesinden Çanakkale cephesine katılan ve "Çanakkale Geçilmez" sözünü şanlı tarihimize altın harflerle yazan şehitlerimizi rahmetle minnetle andığını ifade ederek sözlerini tamamladı.

Daha sonra günün anlam ve önemini belirtmek üzere Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren sahneye davet edildi. Konuşmasında Türk Tarihi açısından Çanakkale destanının önemini ele alan Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren şunları ifade etti. "Milletlerin tarihinde çok önemli dönüm noktaları vardır. Türk tarihinde en büyük kırılma noktalarından birisi de muhakkak ki Çanakkale destanıdır. Bu destana sadece bir savaş mantığıyla bakılmamalı aksine bir medeniyeti bir kültürü bir dünya dönüşünün kazanıldığı zafer olarak görülmelidir. Türk milleti ayakta kalma mücadelesi verdiği en büyük zaferlerden biri olan Çanakkale zaferi gururunu aziz milletimize yaşatan, kahraman askerlerimizi ve tüm şehitlerimizi 18 Mart Çanakkale zaferi'nin 102. yıl dönümünde rahmet, minnet ve şükranla anıyorum."

Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Dr. Mustafa Eren'in konuşmasının ardından öğrencilerin hazırladıkları programda şiirler okundu ve türküler söylendi.

Ahmet Yesevi Üniversitesi ile Ordu Üniversitesi ikili işbirliği protokolü imzalandı

Türksoy Türk Dünyası Kültür Başkenti programı ile "Türkistan ve Türkoloji" sempozyumu için Türkistan'da bulunan Ordu Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Tarık Yarılgaç üniversitemizle bir de ikili işbirliği protokolü yaptı.

22 Mart Çarşamba günü düzenlenen toplantıda ikili anlaşma protokolünü Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Vekili Prof. Dr. Mehmet Kutalmış ve Ordu Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Tarık Yarılgaç imzaladı. Ayrıca toplantıya Ahmet Yesevi Üniversitesi Rektör Yardımcısı Yrd. Doç. Mustafa Eren, Karabük Üniversitesi Rektör Yardımcısı Prof. Dr. Ali Güneş, Marmara Üniversitesi Fen Edebiyat Fakültesi Öğretim Üyesi Prof. Dr. Cengiz Tomar da katıldı.

Prof. Dr. Tarık Yarılgaç, Prof. Dr. Ali Güneş ve Prof. Dr. Cengiz Tomar toplantıdan sonra üniversitemizin botanik bahçesini gezdiler ve akabinde yurda dönüş yaptılar.



ГАЗЕТТИҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

Üniversitede "Türkistan ve Türkoloji" Sempozyumu düzenlendi

Kazakistan'ın Türkistan şehrinin TÜRKSOY tarafından 2017 Türk Dünyası Kültür Başkenti seçilmesi münasebetiyle 21 Mart Salı günü Ahmet Yesevi Üniversitesi ve Güney Kazakistan Eyaleti Valiliği işbirliğinde "Türkistan ve Türkoloji" konulu sempozyum düzenlendi.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Türkistan Yerleşkesi Kültür Merkezinde gerçekleşen sempozyuma, Kazakistan Kültür ve Spor Bakanı Arıstanbek Muhameduli, Türkiye Kültür ve Turizm Bakanı Müsteşar Yardımcısı Mustafa R. Özbilgiç, Türkmenistan Kültür Bakan Yardımcısı Atageldi Şamiradov, Güney Kazakistan Eyaleti Valisi Prof. Dr. Canseyit Tüymebaev, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Türk Akademisi Başkanı Prof. Dr. Darhan Kıdırali, Türksoy Genel Sekreteri Prof. Dr. Düsen Kaseinov, Ordu Üniversitesi rektörü Prof. Dr. Tarık Yarılgaç, Atatürk Kültür, Dil ve Tarih Yüksek Kurumu Başkanı Prof. Dr. Derya Örs, Yurtdışı Türkler ve Akraba Topluluklar Başkanlığı Başkan Yardımcısı Sayit Yusuf, TİKA Orta Asya ve Kafkas ülkelerinden sorumlu Müdürü Ali Özgün Öztürk, TÜRKPA Genel Sekreteri Jandos Asanov, Türk Keneşi Genel Sekreter Yardımcısı Abzal Saparbekuly, ünlü Kazak şair ve yazar Muhtar Şahanov, çok sayıda akademisyen ve davetliler katıldı.

Kazakistan Kültür ve Spor Bakanı Arıstanbek Muhameduli, Türkistan ve Türkoloji sempozyumunun genel oturumunda tüm katılımcıların Nevruz Bayramını kutlayarak, Türkistan şehrinin Türk dünyası için önemini vurguladı. Muhammeduli, Kazakistan Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbaev'in kutlama mesajını okuduktan sonra TÜRKSOY Genel Sekreteri Prof. Dr. Düsen Kaseinov'a üstün hizmet belgesi takdim etti.

Arıstanbek Muhameduli, söz konusu sempozyumda ortaya atılan fikirlerin uluslararası TÜRKSOY kurumunun temel amaçları arasında olan, Türk dünyası halklarının ortak geçmişi ile tarihinin, dil ve edebiyatının, kültür ve sanatının araştırılması yoluyla gelecek nesiller için bir miras olacağını ifade etti.

Sempozyumda Moderatörlük yapan Güney Kazakistan Eyaleti valisi Prof. Dr. Canseyit Tüymebaev konuşmasında, dili, dini, soyu aynı olan halkların kültürel ve medeni entegrasyon birliğinin bu tür organizasyonlarla yeniden canlandırılacağını, ayrıca bu birliğin önemine, bugünkü durumuna temas etti.

Prof. Dr. Canseyit Tüymebaev konuşmasının devamında ise şunları ifade etti. «Manevi Şehir, Kültür Yılı» başlığı altında bayrağı devralıp tarihteki izlerin taniği olmaktadır. M. K. Atatürk ile Alaş'ın evladı Mustafa Şokay'ın temellerini attıkları Türklüğün tekrar canlanmasının meyvelerini almaktayız. Bugün Türkiye ve Kazakistan önderliğinde bu birlik ve beraberlik daha da üst seviyelere taşınmıştır. Tüm Türk Dünyasından öğrencilerin öğrenim gördüğü Ahmet Yesevi Üniversitesi ise bu görevi geçmişten bu güne kadar en iyi şekilde layıkıyla yerine getirmektedir. Bu duygu ve düşüncelerle Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız başta olmak üzere tüm yöneticilere teşekkürlerini iletti.

Genel oturumda konuşma yapan Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Türkistan şehrinin Türk Dünyası Kültür Başkenti seçilmesi nedeniyle duyduğu mutluluğu dile getirerek tüm katılımcıların nevruz bayramını kutladı. Türkistan ve Türkoloji sempozyumunun hazırlanmasında emeği geçen herkese teşekkürlerini sundu.

Prof. Dr. Musa Yıldız konuşmasının devamında şunları kaydetti, "Türkistan şehri; Oğuz Han'a, Kazak Hanlıklarına başkentlik yapmış, Samaniler ve Harzemşahlar döneminde ise siyasi bir merkez olarak hizmet etmiştir. 16 yüzyılda da bütün Türk dünyasının manevi başkenti olma şerefine ulaşmıştır. Türkistan şehri Türk dünyası için birçok açıdan özel anlam taşımaktadır. Bu özelliklerin en başında da şehir, Hoca Ahmet Yesevi'nin adıyla özdeşleşmiştir. 15. asrın sonuna kadar hâlâ Yesi adı kullanılırken, 17. yüzyıla gelindiğinde bütün kaynaklarda Yesi'den, Türkistan olarak bahsedilmeye başlanmıştır. Türkistan; dönemin önemli şehirleri Semerkant'la Buhara'yla mukayese edilir hale gelmiştir. Tarih boyunca Türk halkları için önemli bir yere sahip olan Türkistan, günümüzde de aynı özelliğini korumaya devam etmektedir." Musa Yıldız, tarihi İpek Yolu üzerinde bulunan ve 1500 yıllık bir geçmişi olan Türkistan'ın Türkologlar ve arkeologlar tarafından kapsamlı olarak araştırılması gerektiğini ifade ederek konuşmasını tamamladı.

Ordu Üniversitesi Rektörü Prof. Dr. Tarık Yarılgaç, Atatürk Kültür, Dil ve Tarih Yüksek Kurumu Başkanı Prof. Dr. Derya Örs TİKA, Orta Asya ve Kafkas ülkeleri Müdürü Ali Özgün Öztürk, Türk Akademi Başkanı Prof. Dr. Darhan Kıdırali, Türk Keneşi Genel Sekreteri Ramil Hasanov, TÜRKPA Genel Sekreteri Jandos Asanov, Kazak şair ve yazar Muhtar Şahanov da birer konuşma yaptılar.

Genel oturumdan sonra yapılan yuvarlak masa toplantısında Canseyit Tüymebaev, Türk dünyasından gelen temsilcilere teşekkür ederek, günün anlam ve önemine ilişkin konuşma yaparken tüm katılımcılara söz verdi. Türksoy Genel Sekreteri Düsen Kaseinov ise bütün katılımcılara teşekkürlerini sunarak, tüm katılımcılara hediye takdim etti.

Türk Akademisi Başkanı Prof. Dr. Darhan Kıdırali tarafından, Türksoy Genel Sekreteri Prof. Dr. Düsen Kaseinov'a Türk Akademisi Altın Madalyası takdim edildi.

"Türkistan ve Türkoloji" sempozyumunda dil, edebiyat, folklor, din, felsefe, tarih ve arkeoloji alanlarında 20 farklı ülkeden 60 bilim adamı 4 oturumda bildirimlerini sundular. Oturumlarda sunulan bildirimler büyük bir ilgiyle dinlenerek konuşmacılara konularla ilgili sorular soruldu. Sempozyum sonunda katılımcı bilim adamları kültür merkezi ve kütüphanenin önünde katılımcılarla birlikte hatıra fotoğrafı çektirdiler.



"Tehlikedeki Türk Dilleri" Kitabı Tanıtım Toplantısı Ankara'da yapıldı

UNESCO 2016 Hoca Ahmed Yesevi Yılı anısına ve bağımsızlıklarının 25. Yılında Türk Cumhuriyetleri şerefine, Ahmet Yesevi Üniversitesi ve Uluslararası Türk Akademisinin birlikte hazırladığı Tehlikedeki Türk Dilleri kitabının tanıtım toplantısı düzenlendi.

Türk dilinin konuşulduğu tüm coğrafyaların birliği ve dirliği için Prof. Dr. Süer Eker ve Ülkü Çelik Şavk editörlüğünde hazırlanan "Tehlikedeki Türk Dilleri" kitabı ile küreselleşmekte olan dünya düzeninde Türk kültürünün diğer baskın kültürlerle karşı direnme gücünün hareketi geçirilmesi hedefleniyor.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyeti Başkanlığı bünyesinde faaliyet gösteren Yesevi Sanat Topluluğu günün anlam ve önemini anlatan Tehlikedeki Türk dillerinden oluşan halk şarkılarını seslendirdi.

Tehlikedeki Türk Dilleri kitabının editörlüğünü yapan Başkent Üniversitesi öğretim üyesi Prof. Dr. Süer Eker,

"Amacımız Türkiye ile sınırlı bir çalışma yapmak değil Türkiye dünyanın merkezi olacak şekilde bir eserle sizlerin huzuruna çıkmakta. 6 yıllık bir uğraşın ürünüdür. Kitapta Dünyanın farklı ülkelerinden değerli isimlerin yazıları da var" ifadelerini kullandı.

Tehlikedeki Türk Dilleri kitabının editörü Hacettepe Öğretim Üyesi Prof. Dr. Ülkü Çelik Şavk ise, "Sibiryadan Çin'in en alt noktalarına kadar Türk dilinin değişik biçimlerini yaşıyoruz, yaşıyoruz. Bugüne bunların hepsinin gelmesi atalarımızın yoğun emeğine bağlı. Bu eserin bir saygı duruşu eseri olduğunu vurgulamak istiyorum" şeklinde konuştu.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, "Bu projenin başlangıcı 2011 yıldır ve yaklaşık 6 yıl süren uzun soluklu bir projedir. Türkiye'den ve dünyadan bu ansiklopedik esere 130 bilim adamımızın emeği vardır" diye konuştu.

Türkiye Bilimler Akademisi Başkanı Prof. Dr. Ahmet Cevat Acar, "Şu anda Türk dili için en önemli tehditlerden bir tanesi yabancı dille öğretimdir. Başta İngilizce olmak üzere yabancı dil öğretim için öğretim dilinin yabancı dilde olmasının dışında bir yol bulmanın acil bir milli görev olduğunu hatırlatmak istiyorum" açıklamasında bulundu.

Türk Dil Kurumu Başkanı Prof. Dr. Mustafa Kaçalın, "Bir emeğin bir an evveli muhatabıyla yüzleşmesi için toplanmış bulunuyoruz. Bize hitap eden bilginin kaynağın nerede olduğundan habersiz günlerimiz geçiyor. Kaybolan dil yadigarlarını toplama gayreti içerisinde bir grup arkadaşlarımız oldu" ifadelerini kullandı.

Atatürk Kültür Dil ve Tarih Yüksek Kurumu Başkanı Prof. Dr. Derya Örs, "Atalarımız bu dilleri kaleme alarak, kağıda dökerken bizlere intikal ettirmemiş olsalardı. Sadece şifahi bir edebiyatla, şifahi bir bilgiyle bugün geldiğimiz kültür sanat medeniyet seviyesine asla ulaşamazdık

atalarımıza vefa borçluyuz" şeklinde konuştu.

Uluslararası Türk Akademisi Başkanı Prof. Dr. Darhan Kıdırali, "Ana dilimizi bizi bir araya getirdi. Sovyet döneminde birçok şey kayboldu ateizm dönemi. Din, değer her şey değişti. Fakat dil her şeyi korudu. Dil bizim kodumuz gibi bizi bugünlere ulaştırdı" açıklamasında bulundu.

Prof. Dr. Darhan Kıdırali, eserin Türk dünyası için önemli bir yere sahip olduğunu belirterek, «Türk dili bizim her şeyimizdir. Türk dili, bilim dilidir, devlet dilidir, dünya dilidir. Türkçe bilersen, Balkanlardan çıkıp Orta Asya steplerine kadar gidebilirsin.» sözlerine yer verdi.

Program, Tehlikedeki Türk Dilleri kitabının editörlüğünü yapan Prof. Dr. Süer Eker ve Prof. Dr. Ülkü Çelik Şavk ile Uluslararası Türk Akademisi Başkanı Prof. Dr. Darhan Kıdırali'ye plaket takdimi ile sona erdi.

Musa Yıldız «2017 Türk Dili Yılı - Dilimiz Kimliğimizdir» törenine katıldı.

Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Cumhurbaşkanı Recep Tayyip Erdoğan'ın himayesinde, Atatürk Kültür, Dil ve Tarih Yüksek Kurumu ile Türk Dil Kurumunun öncülüğünde yıl boyunca sürdürülecek «2017 Türk Dili Yılı - Dilimiz Kimliğimizdir» başlıklı etkinliğin Ankara'da yapılan açılış ve tanıtım törenine katıldı.

Etkinliğe Başbakan Yardımcısı Tuğrul Türkeş, Danıştay Başkanı Zerrin Güngör, Sayıştay Başkanı Seyit Ahmet Baş, Danıştay Başsavcısı Halil Yılmaz, Milli Güvenlik Kurulu Genel Sekreteri Seyfullah Hacımüftüoğlu, Avrupa Birliği Bakan Yardımcısı Ali Şahin, Atatürk Kültür, Dil ve Tarih Yüksek Kurumu Başkanı Prof. Dr. Derya Örs, Türkiye Bilimler Akademisi Başkanı Prof. Dr. Ahmet Cevat Acar, Türk Dil Kurumu Başkanı Prof. Dr. Mustafa Kaçalın ve Yurtdışı Türkler ve Akraba Topluluklar Başkanı Mehmet Köse katıldı.

Türkeş, burada yaptığı konuşmada, dilin, insanlığın başlangıcından bu yana, çeşitli toplumların kendi aralarında ve başka toplumlarla anlaşmak amacıyla kullandığı en vazgeçilmez, en olmazsa olmaz iletişim aracı olduğunu söyledi.

Türkeş, binlerce yıllık tarihi geçmişi ve birikimi olan Türk dilinin de, bu az sayıdaki dillerden birisi olduğunu dile getirerek, şöyle devam etti:

«Güzel Türkçemiz, son iki yüz yılda, bir yandan sadeleşip Türkçe kökenli kelimelerin ağırlık kazandığı çağdaş bir dil haline gelirken, bir yandan da çeşitli tehlikelere maruz kalmıştır. Osmanlı Türkçesinin yüzyıllar boyu birlikte yaşandığı ve yüklediği yeni anlamlarla Türkçeleştirdiği çok sayıda Arapça ve Farsça kelimenin zamanla kullanımdan düşmesi ve bunların yerlerine Türkçe karşılıklarının süratle konulamaması sonucunda oluşan boşluk, Türkçe'nin Batı dilleri tarafından hızla istila edilmesine yol açmıştır.»

Bugün, Türk dilinin her zamankinden daha çok saldırı altında olduğuna dikkati çeken Türkeş, anlaşılır ve kurallı Türkçe karşılıkları olduğu halde, hemen her gün özellikle basın yayın kuruluşları tarafından dilin içine sokuşturulan Batı kökenli kelimelerin, Türkçe'ye karşı özensiz, duyarısız ve bilinçsiz davranan bazı kişiler ve kurumlar tarafından çabucak benimsendiğini ve yaygınlık kazandığını bildirdi.



Atatürk Kültür, Dil ve Tarih Yüksek Kurumu Başkanı Prof. Dr. Derya Örs de dilin sosyal, canlı ve değişken bir olgu olarak her zaman tartışmaların odağında bulunduğunu ve bu konuda tarih boyunca birbirinden çok farklı görüşlerin ortaya konduğunu bildirdi.

Amaçlarının bütün bu farklı görüşler arasında herkesin kabul edilebileceği ortak bir yol bulmak olduğunu belirten Örs, insanlar arasındaki en önemli iletişim aracı olan dilin, sağlıklı bir şekilde kuşaktan kuşağa aktarılmasının, gelişmesi ve güçlenmesinin sadece birkaç devlet kurumunun tek başına altından kalkacağı basit bir konu olmadığını ifade etti.

Örs, 2017 yılının Türk dili yılı olarak ilan edilmesinin Türkçe'nin yerinde, doğru, kurallarına uygun, açık, anlaşılır ve temiz bir şekilde kullanılmasına ve bu konudaki toplumsal bilincin artmasına hizmet edeceğini vurgulayarak, şöyle dedi:

«Başta kamu kurum ve kuruluşları olmak üzere bütün sivil toplum kuruluşlarının dikkatlerini, Türkçe'nin son dönemlerde içinde bulunduğu olumlu ve olumsuz durumlara çekmek ve bu konudaki imkan ve kabiliyetlerimizin yanı sıra üzerinde durulması gereken kimi sorunları geniş kitlelerle paylaşarak tartışmaya açmak amacıyla 2017 yılını 'Türk Dili Yılı' ilan ediyoruz.»

